

ҒАБИТ АҒА МҮСІРЕПОВ

Асан Қайғы, Қазтуғаннан бастап, Шалкиіз, Доспамбетпен жалғасатын, Бұқар жырау, Шал ақынмен аяқталатын ежелгі қазақ әдебиетінің төрт ғасырлық қазынасы! Көбінің шығармасы түгілі, аты-жөнінің өзі белгісіз он екі ақын, жырау!

Бұлардың әрқайсысы бір адам, жай ғана ұлы тұлға емес, әрқайсысы бір ғасыр, Алаштың өткен өмірінің, үлгілі рухани тарихының, биік санасы мен көркем ойының көрсеткіші. Осы ұлы жыраулардың арасында қазақ сөз өнері орта ғасырларда әлем поэзиясының асқар биігіне шықты. Көне жыраулар мұрасы – біздің кісілігіміздің ғана емес, елдігіміздің көрінісі. Біреуінің аты өшсе, тұтас бір ғасыр үңірейіп қалмақ. Ырысың ортайып, рухың төмен түспек. Сондықтан ұмытылмауға тиіс еді. Жарыққа шығуға, ең алдымен, өзімізді өзімізге танытуға, советтік идеология қалыптастырған кемшін санадан айыруға тиіс еді. Жеке бір кісіге емес, бүкіл ұлтқа керек еді.

Адамға рас, Аллаға анық – сол ұлы жыраулардың қайтадан тірілуі біздің азап-бейнетіміздің арқасында ғана мүмкін болды. Ұмытылғандарды еске түсірдік, есімі көмескілерді қайта жаңғырттық, бір өлең, жарым өлеңнен тірнектеп құрадық, ғылыми-текстологиялық екшеуден өткіздік, әрқилы көшірме, басылымдарын беттестіру арқылы кетігін бүтіндедік, сөйтіп тұтас бір дәуірдің әдебиетін нұсқаладық, сол әдебиеттің деректі негіздерін айқындап, мән-мағынасын белгіледік, нәтижесінде, ұлт тарихындағы төрт ғасыр – Қазақ Ордасы заманындағы әдебиет мүмкін болған дәрежесінде қалпына келтірілді. Осының бәрі «Қобыз сарыны», «Алдаспан» деген кітаптар негіздеп, жүзеге асырған іс. Есер, есірік болмаса, аз-маз сауаты бар әдебиетшінің ешқайсысы бұған күмән айта алмайды.

Дегенмен, қазір бәрі де оңай көрінсе керек. Ал, ол кезде, барлық заманға тән ғылыми тұрғыны айтпағанда, оңай ештеңе жоқ еді, ескілікке үнілудің өзі қылмысқа жақын күмәнді шаруа.

Мен жыраулар туралы дайын еңбектің алғашқы талқысында білімдар ғана емес, ғұлама саналатын, парасатты ғана емес, ақылман есебіндегі әдебиетшілердің болмашыны түсінбес тасырлығына таң қалған едім. Ғылыми жетекшім профессор Бейсембай Кенжебаев пен көлденеңнен келген, университетте уақытша, аз ғана дәрісте жүрген профессор Мәлік Ғабдуллин ғана қолдап шықты. Қазақ университеті Қазақ әдебиеті кафедрасының басқа мүшелері – ақ бас академик, доктор, профессор, қара сақал доцент, жазушы, сыншы, зерттеуші – түгелімен төбе шаштары тік тұра қарсы болды: бірыңғай ағым еді, идеологиялық тұрғысы ұстамсыз деді, Шалкиіз бұл айтқан көкте жүрген жоқ, жерде жатқан киіз деді, менің өзімді «таланты теңіз» деп мадақтай келе, қоғамға жат элемент дәрежесіне жеткізді.

Мен кейін, тіпті, күні кешеге дейін осы 1965 жылғы 11-октябрьде өткен талқы туралы көп ойландым. Өзімді тану үшін, өзгені тану үшін, заманымның сұрқия кебін байыптау үшін қажет еді. Бірақ дәл осылай өткеніне ешқандай шешім таппадым.

Мен университетке он жеті жасымда келдім. Мұрты тебіндеп үлгермеген бала. Ұстаз деген ұлағатты сөз – Бейсекеме ғана тиесілі, бірақ қалған жұрттың – осы отырған доцент, профессор, әдебиетші, жазушы қасқа мен жайсаңның алдынан өттім. Жақсы жүрдім, жаман атым шыққан жоқ. Бірден аспирантураға қалдым. Бес жыл студент, үш жыл аспирант – сегіз жыл бойы қыздай сызылдым. Көлгірсу емес, жасы үлкен алдындағы әдеп. Кафедрада түрегеп сәлем бердім, көшеде қол қусырып, иба білдірдім. Ешқайсының алдын кесе көлденең өткем жоқ; қараптан-қарап жақпай қалатын, әдеби ортадан аулақ, жеке-дара тіршілік кешіп жатырмын, жазғаным ұнаспайды дейтіндей, қанша құлшынсам да баспасөзге өтпей келдім. Ал соңғы үш жылда осы, алдарына тартылып отырған жұмысты жеріне жеткізуден басқа тіршілік болмапты. Міне, ұсындық. Басқасын айтпағанда, қаншама жаңалық дерегі бар. Әдебиет тарихындағы жаңа сөз демесін, қопарыпты, төңкеріпті демесін, мейірленбей-ақ қойсын, жан салып қолдамасын, – қайткенде де қарсы болмауға тиіс еді. Ғылым мұратын жинап қояйық, адамдық ар-ұят қайда? Сегіз жыл бойы алдарында жүрген, үлкен өмірге енді ғана аяқ басқан жас баланың обалы... Ойламайды. Жақсымен жақтасудың орнына қастасуды ғана білген адам ешқашан обал, ұятты ойламайды. Десе де... Ол – жоспарлы шаруашылық заманы, мана, ағам айтпақшы, соңғы бес жыл бойы бір аспирант қорғамай, кафедра жаманатқа ілініп тұр. Міне, осы кезде осындай жұмыс әкелген мені көтеріп әкетсе керек қой.

Жас баладан сақа балаға дейінгі сегіз жыл – бар саналы ғұмырымда алдын кесіп өтпеген, ақ тілеуден басқа ниеті жоқ деп білген мәртебелі ағаларымның әлпетінде сөз, сөзінде зіл бар еді, жеті атадан қалған кегін қуғандай, екілене ұмтылысты, жапырып, майырып тастамақ болды. Жүйке берік, жүрекке қорқыныш енбеген кез, мен жасығам жоқ, жабыққам жоқ, тек қана қайран қалдым, сосын оқыс қатайдым, оралымсыз жала, орынсыз даудың бәрінің бетін қайырдым, ағаларымды серпінді сөз, нақты жауаптармен, күтпеген дағдарысқа – шарасыз кейіпке түсірдім, ақыры жұмыс мақұлданып, қорғауға ұсынылды. Маған бір нәрсе айқын еді – мына адамдардың ертең Ғылыми кеңесте дауыс бермесі, қорғатпасы. Бір нәрсе жұмбақ еді – осыншама өшпенділіктің сыры. Мен ол кезде ұлылық – замандастар, тұрғыластар тарабынан қашанда ыза мен кек туғызатынын білмеуші едім.

Хош. Біздің төрт ғасыр бойғы қазақ рухын арқалады деген еңбегіміздің әуелгі қабылы осындай болды.

Мұндай алмағайып жағдайда мен жападан-жалғыз, қорғансыз қалуға тиіс емес едім. Түріктің Тәңірі, Алаштың аруағы бәрін көріп отыр екен. Үшінші күні сес берді, хабар айтты, он жеті күн толғанда астыма ат мінгізіп, қолыма қылыш ұстатты: күш-қуат, қолдау-демеу – туа біткен

еншім. Енді көзбен көріп, құдіретін тануға тура келген, сенім бекіп, қайрат қабындай түскен.

Кафедрадағы қым-қиғаш талқыдан соң арада не бары үш күн өткенде, 14-қазан күні мен ғана емес, мен арқалаған, бәлкім, менің арқалаған, шынында да солай, бәрі жабылып, қансырамасам да қатты жарадар болған, тас қабырғаға маңдайым тиіп, мәңгірмесем де дағдарып тұрған мені демеуге біржола ден қойған аталарым алдымнан қасқа жол ашарын, әрине, нақты білгем жоқ. Жарым әскерінен айырылып жеңіске жеткен Эпир патшасы Пирр сияқты, келесі қадам, келесі ұрыстың байыбын барлап тұрғам. Алды-артымды жинақтадым, төрт дана диссертациямды түгел алдым, енді анда-мұнда мақала тасу керек. Ол өтеді-өтпейді. Жұмыс іздеп көру керек. Оның қисыны тағы аз. Ең дұрысы, Семейге кету. Пединститутқа. Ұзынқұлақтан естуімше, орын бар. Әрі келіншегің үзілген оқуын тәмамдайды. Бірақ Алматыдан, орталық баспасөзден алыстаймын. Мұндағы сұғанақ ағам ай бойы отырып, түгел көшіріп алды. Енді бой-бойымен бастырады да отырады. Байбаламға қарамайды. Құдайдан қорықпайды. Сенің қан төгіп, миыңды сығып жазып бітірген еңбегің итжемеде басқаның иелігіне өтеді. Ең қиыны осы еді. Мен қайткенде де Алматыдан кетпеуге бекіндім. Келер айда ауылға барып қайтпақпын. Кемпір-шалдың барын сыпырып әкелемін. Одан соңғы ілігімді тағы артамын. Айына жүз сом жеткізіп тұрса. Шамалары келмейді. Жоқ, бұрынғы мөлшер – алпыс-жетпіс сом. Бұл да көп ақша. Жиырма бес сомнан пәтерге, қалғаны айлық сорпа-суға... жетпейді. Арасында өзім де қаламақы, немесе басқа бірдеңе тауып қалармын. Тек уақыт ұтып, ештеп жылжи беруім керек. Қысты өткеріп, жазға жетсем. Жай жатпаймын, жұмысымды бір белеске шығарсам... Осылай деп шештік. Екі күн ойланып. Үшінші күні еңсемді жазып, қалаға шықтым. Қандай шаруа болғаны есімде жоқ, сірә, еріккеннен, әйтпесе, әдепкі, жай сәлемдесу, Әбішке көшедегі автоматтан телефон шалдым. Әбіш Кекілбаев курстас, қанаттас, тілектес досым, бұл кезде Мәдениет министрлігінде әлдебір қызметте отыр. – Кекілбаев... деймін. – Ау, әй, сен Тұңғышбаймен сөйлестің бе? – Қайдағы Тұңғышбай? – деймін. – Смағұлов. Сені іздеп жүрген. Білесің бе? Іздегенін білмеймін, өзін білем. Университетте бірер курс бізден жоғары оқыды. Орта бойлы, дембелше, ұяң, сары жігіт болатын. Адал, жақсы жігіт екені, имене сөйлеген сөзінен, сыпайы жымиған күлкісінен көрініп тұратын. Мәселе былай екен. Тұңғышбай республикалық теледидарда қатардағы бір қызмет атқарады. Сірә, комментатор. Қазақ руханияты туралы хабар өткізуге тиіс екен. Қазақтың ән-күйі, сәулет өнері және ежелгі әдебиеті. Соған мен сөйлеуім керек. Жоспарға енгізіп қойған, эфир – бүгін кешке. Міне апта болды, сені іздеп таба алмай жүр. Менің теледидарға шығып, былжырап отыруға ынтам жоқ дедім. «Әй, сен де...». Әбіш күйгелектеніп, кейіп қалды; мұндайда бұртиып, балаша өкпелеп, үндемей қалатыны болушы еді, арықарай жалғастырды. – Әй, сен бара салсаңшы... Жырауларыңды насихаттайсың». – Жыраулар... Мен жырауларымының ауыр ахуалын айта жаздап, іркіліп қалдым, ұзақ әңгіме, қажеті қанша. Мен іркілгенге

ойланып тұр деп шамаласа керек. Әбіш шынын айтты. – Сен бармасаң, ол жігіттің жоспарлы хабары құлайды. Обалы маған. Сені енгіз, осындай-осындай кереметі бар деп, аузымнан қағынып айтқан мен едім. – Онда жарайды – дедім. Әбіш қуанып кетті. Тұңғышбайдың телефонын берді. Сен автоматтан іздеп тапқанша, мен хабарлап қоям деді. Ол заманда қазіргідей ілкі жазба жоқ, эфир – тікелей. Мезгілді уағында студияға бардым. Тұңғышбай мені сағынып күткен туысындай, қызара күліп қарсы алды.

Хабар басталды. Маған он бес минут бөлінген еді, тарихи дерегі бар, әдеби бағасы бар, арасында семсердей жарқылдаған отты толғаулары бар, ол кезде де, қазір де қағазға қарау әдетімде жоқ, бірақ сөз әуезім қазіргіден сәл көтеріңкі, әрі тез болса керек, бірқалыпты екпінмен соқтырып шықтым. Оператордың желкесінде тұрған Тұңғышбай сұқ саусағын көтеріп бір минут қалды деп белгі бергенде, әрең қайырып үлгердім. Хабар аяқталды. Риза болған Тұңғышбай алақанын уқалап, қызара күліп, «жақсы болды, жақсы болды» дей берді.

Сөйтсем, мен сөйлеп жатқанда үлкен оқиғалар болыпты. Көзі тірісінде классик атанған, ақ дегені алғыс болған, дәл осы кезеңде Жазушылар одағының бірінші хатшысы Ғабит аға Мүсірепов кешкілікте, кейінгі жас жеңгеміздің көңілін аулап, немесе оқудан, жазудан жалығып, тыныстап, теледидар көріп отырады. Біз экранға шығып, сөзге қосылғанда, біз емес, ежелгі жыраулардың ешкім білмеген ғажайып толғаулары арындай, арқырай тоғытыла бастағанда... риза болады, қайран қалады, қолма-қол телефонын алып, одақтың үшінші хатшысы, ақын Қабдыкәрім Ыдырысовтан сұрайды. «Ә-ә-әй, бұл кім-м, сөйлеп жатқан-н?» дейді. Қабдыкәрім аға теледидарды ашып қалады да, «атын білмеймін, осыдан бірер күн маған келіп кеткен сияқты, қызмет сұрады ғой деймін, бұл жігіттің жайын Нығмет біледі, университетте аспирант болса керек» дейді. «Онда бұл баланы маған тауып бересің» дейді Ғабен. Ол кезде Ғабен айтқан әрбір сөздің заң күші бар, арада он-он бес минут өтпей, Қабдыкәрім қайыра телефон соғады: «Нығметтен білдім, аты-жөні сондай, аспирант екен, мынау – біткен жұмысының бір ұшығы болса керек, «Қазақ әдебиеті» үлкен бір мақаласын басыпты. «Лениншіл жаста» да шықты дейді, мен жазда, демалыста жүргенде көрмей қалыппын. Нығмет өте жақсы деп отыр, бала да жақсы, білем, табам, деп отыр» дейді. «Онда келер дүйсенбіде... жоқ, ертең... ертең түстен кейін келсін маған, шақырыңдар» дейді Ғабен.

Ертеңіне көңілім күңгірт, университетке, өткен талқылаудың мәжіліс хатының жайын білмекке кафедраға барып едім, Бейсекеңмен бірге қайта шығып келе жатқанбыз, бұл кезде университеттің негізгі оқу корпусы және филология факультеті – Бас почтамптың қасында, бір заманғы үкімет үйі, Мұхтар Әуезовтің дәрістерін біз осы жерде тыңдадық, Жазушылар одағына жақын, «Қазақ әдебиеті» газетінің орынбасар редакторы Нығмет Ғабдуллинге есік алдында, қарсы жолықтық. – Бейсеке, сізге келе жатырмын – деді Нықаң. – Кел, кел... – деді Бейсекең. – Бір қалауым болып тұрғаны... – Ал, ал... – деді Бейсекең. – Қалауым –

мына жігітіңізде аз ғана шаруам бар еді... – Дұрыс... – деді Бейсекең. Біз Нықаң екеуіміз оңаша қалдық. – Кешегі теледидардағы сөзіңді Ғабен тыңдапты – Ғабит Мүсірепов, – деді Нықаң мәселеге бірден кірісіп. – Қабдыкәрім арқылы біліп, маған шықты. Сені іздеп жатыр. – Не үшін іздейді? – дедім мен бұл сөздің байыбына бармай. – Сөйлескісі келеді. Мүмкін жұмысқа шақырар. – Қандай жұмыс? – «Қазақ әдебиетінің» сын бөлімінің меңгерушісі. Әбірашты Сырбай сұрап отыр. Орын босайды. Сонда келгеніңді қалар едім. Сен... – деді содан соң өзімсініп, – саған газет жұмысы қиынға түспеуге тиіс. Ғылымның ешқандай бөгеті болмайды. Әдетте, – деді содан соң ағынан жарылып, әрі мен келіспей қоя ма деген қауіп, – бұрын баспасөз маңында істемеген адамның жазуы ойқы-шойқы болады. Ал менің таңғалғаным, сенің қалыптасқан, жақсы тілің бар. Біздің жазғыштардың мақаласын түзеу, редакциялау қиынға түспейді. Әрі өзіңнің мына еңбегіңді бөлек-бөлек мақала түрінде жарыққа шығаруыңа жол ашылады. Баспа да қасыңда. Жазушылар қауымымен жақынырақ танысасың. Көп нәрсе көресің. Академия, институттардан бұрын одақта, баспасөзде біраз қызмет атқарған жөн... Мен сенер-сенбесімді білмей, бас изегендей болдым. – Жөн, – деді Нықаң қанағаттанған сыңаймен. – Менің айтып тұрғаным – құдай қаласа деген сөз. Ғабеннің көңілі түссе. Қазір одаққа барып сөйлесіп, шет жағасын тақатып қоям. Бүгін сағат үште қабылдайды. Оған дейін маған емес, Қабдыкәрімге кел. Сол ертіп барады Ғабен. Артынан бар жағдайды Қабдыкәрімнің өзінен білем, – деді.

Қабдыкәрім аға өткендегідей емес, өзімсіне, көтеріңкі қарсы алады. Орнынан тұрып, қолымды алды. Зерттеу еңбегімнің мән-жайын тәшпінштеді. – Жөн-ақ, – деді, – қайырлы болсын! Ал, үшке бес минут қалды, Ғабен қабылдауға тиіс.

Қабекен мені жазушылар одағының осы, екінші қабатының орталық алаңға қараған, сол жақ қапталындағы, бірінші хатшының, ауызғы бөлмесінде секретарь-машинистка отырған атшаптырым кабинетіне алып кірді. Ғабит аға шалқая шіреніп, төрдің қақ төбесінде отыр екен. Оң жақ қатарында, сәл төменіректе, есікке дейін созылған ұзын, кең столдың басында тағы бір кісі отыр – Жұбан Молдағалиев, білуімше, одақтың екінші хатшысы. – Ғабен, мынау – кешегі, өзіңіз теледидардан көрген бала, – деді Қабекен мені төрге таман, бас столдың қарсы алдына жеткізіп. Ә-ә... сенн екенніңң ғго-йй!» деді Ғабен ыңыраңа қозғалақтап. Сол отырған қалпында еңсесін иместен қолын созды. Ыстық та емес, жұмсақ та емес. Мен сәлемдескен кісімнің қолын қатты қысып ұстайтынымды кейін байқадым, өлі балық сияқты, сылқ еткізіп тастай салатындар көбейіп кеткеннен болар, соған қарағанда, Ғабен қолын жай ғана соза салмаған, адамша амандасқан сияқты. Мен келесі ілтифатты күтіп, селтиіп күтіп тұрғам жоқ, бас изеген ишарат байқалды ма, білмеймін, бірден отырдым. – Алл, балаа... – деді Ғабен. Аты-жөнімді сұраған. Мұхтар Мағауин. – Атың үлкен екен, – деді Ғабен. – Өзің де ұнадың маған. Сөзің ұнады. Ал, мұның бәрін қайдан теріп жүрсің? Мен бұл деректердің бәрін қадым кітап, қолжазбалардан алынғанын

айттым. Портфелімде тұрған диссертацияны алып көрсету ыңғайсыз тәрізді, қолым барып қана қайтты. – Талқылаудан өтті, қорғауға ұсынылды – дедім. Өтірік емес, талқыдан шықты, қорғауға жіберілді. Жұбан ағама көзім түсіп еді, ол кісі тұқырған қалпы, жағын шынтағына сүйеп, үнсіз тұнжырап отыр екен. – Бойдақсың ба? деп сұрады Ғабен. – Жоқ үйленгем. Кішкентай қызым бар. – Оқуың... қалай? – Аспирантураның барлық минимумы тапсырылған. 1-қараша күні уақыты да бітеді. – Онда... бізге жұмысқа келуге қалайсың? – деді. Күткен сөзім болса да, жүрек лүп ете түсті. Қатып қалған, кешегі аттан, талапай кезінде де селт етпеген жүйкем балбырай босаңсып кеткендей. Шынында да ғажап емес пе! Кешегі ғалым ағаларым өздерінің көз алдында өскен баланың соны серпін, тың дерек, мәнді толғам, түйіндерге құрылған, қазақтың ұлттық әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, төрт ғасырлық бастау көзін айқындаған жұмысын алақайлап қарсы алуы керек еді, ал олар ұрандай аттандап, тарпа жабылды, басымды мүжіп, етімді жеп, сүйегімді итке тастамақ болды, ал айдаладағы, менің атымды естіп, жөнімді білмеген, әрі атақ-абыройы аспандап тұрған ақсақал – тірі классик жазушы ағамыз, менің екі-ақ ауыз сөзімнен өткен ғасырдың сырын, ежелгі әдебиет жөнін аңдап, өзі іздеп тауып, өзі сұранып, қамқорлық тауып отыр. Маған емес, ұлттық сана, әдебиет шеруі, ежелгі мұраға жасалған қамқорлық. Сол сәтте дедім. – Ондаа – деді Ғабен ыңыранып, Жұбақана қарап еді, мен де қарағам, ол кісі манағы қалпы, сұлық отыр. – Ғабен қоңырау басты. – «Жұлдыз» журналының сын бөлімін басқаруға барасың... Есіктен кірген орта жастардағы шашы қиылған, толықша, қараторы әйелге қарады. – Роза, – деді. – Сырбайды шақырып жібер. Жұбақан аз-маз ғана қозғалақтап қалды: – Ғабен, ол орынды... ол орынды Әбірашқа уәде беріп қойып едіңіз ғой... – Ә-ә... солай екен-ау... онда... – Роза апай үнсіз бөгеліп қалды. – Онда Әбіраштың орны босамай ма? – деді Ғабен қиын есептің түйінін тапқандай жадырап, қабағын көтеріп. – Онда, Қапанды шақыр. Роза апай майда тілмен: «қазір» деп бұрыла берген еді. Ғабен тағы да тоқтатты: «Білер минуттан соң Сырбайды да шақыр!».

Қазіргі бас редакторлар қызмет орнында үнемі отыра бермейді, өзіміз де санатқа енгелі қанша заман, редакция жұмысының көбі үйде жасалады, кеңседе көп болмаймыз, ол кездегі жұмыс тәртібі басқаша, әрі біздің істің сәті, «Қазақ әдебиетінің» бас редакторы Қапан Сатыбалдин орнынан табылды, тез келді. Ортадан төмен бойы бар, шашы жалбыраған, ұшпа, қағылез кісі екен. Қапан, мынау осындай бала деп, Ғабен екі ауыз сөзбен менің мән-жайымды айтты. «Осы жігітті, Әбіраш «Жұлдызға» кетеді, сын бөлімінің меңгерушісі етіп аласың ба? – деді. Қапекен қалбалақтап қалды. «Әрине, әрине! Сіздің сөзіңізден артық не керек. Аламын» деді. «Ал, Сырбай, – деді Ғабен. Сырбай ағамның қашан кіріп, қалай отырғанын аңдамаппын. – Енді мына Мұхтар – бала Мұхтар деген жігіт саған үлкен мақала әзірлеп береді, осы бір аптаның ішінде. Қырық бет. Мына көтеріліп отырған мәселені, әдебиет тарихының түп негіздерін ашып көрсетуі керек сенің журналың. Сол үлкен мақаланы таяудағы алғашқы нөміріңе басасың!». «Жарайды, басылады» деді Сыраған салмақпен, бір

жақ қолының бірнеше саусағы әлде бітеу, әлде молақ екен, жағын уқалап-уқалап жіберді, маған қабағының астымен қарап, бас изегендей болды. – Онда бітті, жолдарың болсын, – деді Ғабен.

Бұрнада жазғам, Қапан Сатыбалдин – тұзы жеңіл, пәруайсыз, әпенділеу адам екен, әуелде қалбалақтап қалғанымен, кабинетіне келгеннен соң бес минут өтпей, қараптан-қарап бұзылды, енді әйтіп-бүйтіп, әрнені сылтауратып, шығарып салмақ ниетпен бірер апта созды, ақыры Одақтың үшінші хатшысы Қабдыкәрім Ыдырысов ортаға түсіп, төрағаның қайыра дүмпуінен соң мені түпкілікті қабылдауға мәжбүр болған. Ғабеннің келесі тапсырмасы – «Жұлдыздағы» мақала бөлім бастығы Әбдіраш Жәмішевтің таным-түсінігіне қарай біраз сүргіленіп, екі есе қысқартылып, парықсыз жаңа тақырып қойылып, бірақ көп бөгелмей, журналдың жаңа жылдық бірінші санында жарияланды. Әйткенмен, екі ретте де менің кейісім жоқ еді. Ғабеннің Көктен түскен шарапаты арқасында алдымнан ұланғайыр жол ашылған. Өзім үшін арман болған әдеби баспасөздің бір құлағын ұстаппын. Ендігісі рет-ретімен оңала беруге тиіс.

Бұл кезде Ғабен мені сырттай ғана аңдап жүрсе керек. Өзі ұсынып, орнықтырған баланың жаңа орындағы қызмет жөнін сұрамауы мүмкін емес. Жаңа жылдан соң екі айға жетпей Қапан Сатыбалдин «Қазақ әдебиетінен» ысырылып, бұрнағы орынбасар Нығмет Ғабдуллин бас редактор болып тағайындалды. Бұл кездегі және кейінгі замандағы ең жақын ағам. Білімдар, әрі шешімтал Нықаң әдеби басылымды мазмұн ғана емес, сапалық жағынан да жаңа биікке көтерген нәтижелі жұмысын бастады. Мен дайын монографиямның жекелеген үзіктерін жариялаумен қатар, бірді-екілі сын мақала жаздым, газет бетіндегі әдеби талдауларға кеңінен көңіл бөлдім. Одақ төрағасы осының бәрін байқақтап, мақұлдап отырған екен. Алайда, көп ұзамай, Ғабен жоғарыдан түскен жарлық бойынша, үлкен мансабынан «өз еркімен» бас тартуға мәжбүр болып еді. Наурыз айының ақыры болса керек. Әлбетте, тірі классик танылған қаламгердің әдебиет төріндегі орны өзгермейді. Әйткенмен, Нықаң да, мен де қоңылтақсып қалып едік. Сәтіне қарай, Жазушылар одағына еріксіз келген жаңа басшы Әди Шәріпов те парасатты тұлға, іскер қайраткер болып шықты. Менің ертелі-кеш әжептәуір күш салып жазған, ендігі «қазақ-совет классикасы» қатарына тартылған революциялық тарихи трилогия «Ақ Жайық» туралы көлемді мақаламның басылу, басылмауы дау-жанжалға ұласқанда, екі жаққа ортақ, бейтарап жағдайда қалған, біз ешкімге нұсқау бере алмаймыз, мәселені газет редакциясының өзі шешсін, депті. Ақыры, осыншама зорлықты бөгесіннен соң қырық күн өткенде жарияға шықты. Бұл кезде біздің Одақ, тіпті, газет төңірегіндегі кейбір білгірлер бұл мақала Ғабит Мүсіреповтың нұсқауы бойынша жазылды, өзіне жаңа бақталас шықпас үшін, ана балаға міндет қылған дегендей өсек таратқан екен. Мен қазір, жетпістен асқанда біраз жұмсарсам керек, ол заманда ешкімді тыңдамас едім, ешкімнің айтағы түгілі, әдепкі үгітіне көнбес едім. Трилогияның алғашқы екі кітабы туралы көлемді мақала 1961 жылы, менің төртінші курс студенті кезімде

жазылып, «Жұлдыз» журналының сын бөлімінен өтіп, бас редактор Жұбан Молдағалиевтің алдынан қайтқан еді. Енді, аралықта тұтас бес жыл озғанда, кейінгі үшінші кітапты тіркеп, әуелгі қатқыл сынды біршама жұмсартып, қайыра жазғам. Ғабен сол қалпында Одақта отырса да дәп осылай болар еді, тоқтау салмас, мақұл да айтпас, өздерің шешіндер демегі анық.

Міне, осы шама, көкек, әлде мамыр, бәлкім кейініректе академик композитор Ахмет Жұбановтың 60 жылдық мерейтойы кеңінен аталды. Негізгі салтанат Опера театрында өткеріліп, Ғабен бас баяндамашы болды. Мен, жалпы, кеңес, жиналыс атаулыға әуестігім жоқ, бармаған едім, арада екі-үш күн өткенде Нықан алдына шақырған. Мынау – Ғабеннің Ахаң туралы баяндамасы, деді. Мерекелік жиын орайында, орысша жазылған. Енді өзіміздің газетке ұсынып отыр. Аудару керек. Бізде бәрі мықты, әйткенмен, Ғабеннің өзі сені қалады, деген. Тезінен аударып шық, содан соң көре жатармыз, деген. Мен Ғабеннің стилін жақсы білем, орысша жазуында да қазақы әуезі айқын танылған. Бір күнде аударып, екінші күні өңдеп, үшінші күні мәшіңкеге бастырып, Нықанның алдына тарттым. «Енді Ғабеннің өзіне оқытып алайық», – деді. Өзі апарып, ертеңіне өзі алып қайтты. Жүзі ашық. Риза болды, деген. Соңына қолын қойып берді және аударма екенін жазбауды ескертті. Қарап көр. Атүсті, осы редактордың столының алдында шұғыл шолып өттім. Екі-үш жерге қаламы тиіпті. Бірінде өзінің мәнеріне жақындата түскен, қалғаны – елеусіз үстеме мен азғана қысқарту. Газетке сол қалпы басылды.

Бұдан соңғы кезеңде, ұзақ уақыт бойы менің Ғабит ағамен айтарлықтай қатынасым болмады. Тек Одақта, әлдеқалай көргенімде, жаңадан шыққан «Қобыз сарынын» қолтаңбамен берген сияқтымын. Оң, теріс лепес айтылмады. Келер жылы «Жұлдыз» журналында «Тазының өлімі» басылған еді, күзгі 10-санда. Ғабит ағамен тағы да кездейсоқ, осы Одақта ұшырасып қалдық. Мені «бері жүр» дегендей икемдеген. Хатшылардың бірінің кабинеті ме, әлде кеңесшілер бөлмесі ме, оңаша барып отырдық. «Жұлдызды» оқыдым, – деген. – Өте жақсы әңгіме жазыпсың...» Дәп солай, повесть емес, әңгіме атады. Содан соң біршама мадақ айтқан. Мен өзімнің заңды сыбағам деп қабылдасам керек. Әрине, сыпайы ықылас, ризашылығымды білдірдім. Бұл жолы да біздің арамыз қайыра жалғаспады. Ойлап қарасам, жалғасатын жөні де жоқ екен. Мен бұл кезде «Жазушы» баспасында жұмыстаймын. Ілияс Есенберлиннің ғұзырында. Ал Ғабен, себебі көп болар, Ілекеңмен жұлдызы қарсы. Бұл жағдаят Кенесары туралы романнан соң бітіспес қайшылыққа айналған. Ғабен мені Есенберлиннің оң қолы деп пайымдаса керек. Ал маған Ғабит аға да қымбат еді. Әйтсе де қабыспай тұрмыз. Өз бетіммен алдына барар едім – қалай қарамақ. Оның үстіне мен бала кезімнен-ақ кіммен болса да тереземді тең ұстауға тырысам. Үкен-кішісіне, атақ-дәрежесіне қарамастан. Ілияс Есенберлин екеуімізді айрықша жұғыстырған – ұлт мәселесі, ежелгі мұраға құрмет, көркемдік танымдағы бірлік қана емес, осы, менің туған әкеммен құрдас, жас айырымына қарамастан, әуел

бастан-ақ тепе-тең, сыйластық қатынас орнауы болды. Ал Ғабит аға – бағзыдағы байдың мырзасы, бүгінгінің мансапты министрі мінездес; кімді болса да бала сияқты қызметіне жегетін тым шалқақ әдеті барын байқағам. Тіл табыса алмас едік. Оның үстіне... иә, мен қанша түйсінгеніммен, адам жас кезінде өзіне жасалған жақсылықты түгел және толық бағалай білмесе керек, бағаласам да, соншама кішілік танытып, елпектей алмас едім. Ақыры, үлкен ағамызбен арамыз біржолаға жуық ажырады. Тура он бес жылға.

Республикада ұлы Абайдың 125 жылдық мерейтойы кең көлемде атала бастаған. Ең негізгі, Опера театрында өтпек салтанатты жиында ббаяндамашы ретінде Ғабит Мүсірепов белгіленіпті. Ғабең келіседі, алайда бір шарты бар екен: Абай мәселесі – өте күрделі, қарт қаламгердің уақыты да, мүмкіндігі де шектеулі, сондықтан жазушы, әдебиетші қауымнан бес-алты көмекші референт керек. Өзі түгендеп береді, ең алдымен мені атапты, – осы бәріміз қосылып, Абай мұрасына қатысты негізгі бір тезистерді айқындауымыз шарт. Тапсырма межесі – екі апта. Абай – менің көзімді ашқан, ғұмыр бойы үлгі тұтқан ерекше құбылыс. Атам туралы әзірге жазып көрмегем, бірақ көңілде түйгенім біршама. Осындай, азды-көпті жүрекжарды толғамдарды ешкімге байлап бермес едім. Әрине, Ғабең өз бетімен байыптамай, жаза алмай отырған жоқ. Әйткенмен, әлденендей тың, тосын пікірлер күтеді. Арада жүрген Одақ хатшыларының бірі арқылы мен де бес-алты бет толтырып бердім. Мәнсіз емес, айрықша маңызды да болмаса керек. Басқалар да онша жарытпаған сияқты. Аянбаса да, Абай туралы жаңа бір сөз айту оңай емес. Ақыры, салтанатты жиын болды. Ғабең ойлы, мағналы, жақсы баяндама жасады. Әлбетте, тұпа-түгел өзіндік әуез, өз сөзі. Ақыр соңында ұлы тұлғаның бүгінгі мұрагерлері туралы азғана лепес. Бас көтерер мықтыларды санамалай келе, кейінгі толқынға түсті. Айрықша үміттіміз деп, бес-алты жас қаламгердің атын атаған. Ішінде өткенде мақтаулы «Тазының өлімі», яғни мен жоқ болып шықтым. Жаңағы, арнайы дәйектеп отырған он бес жыл – осыдан кейін.

Әлбетте, қайда жүрсең де Ғабит Мүсірепов – ұмыт, елеусіз қалатын кісі емес. Менің де үнемі көз алдымда тұрды. Қазіргі бір істері ұнамас еді. Мәселен, Кенесары ханға қатысты көзқарасы. Содан соң... кейінгі жазуда «Оянған өлкенің» деңгейін ұстап тұра алмапты. Көп мадақталып, Мемлекеттік сыйлыққа сылтау болған «Кездеспей кеткен бір бейне» бар бітімі, түп негізімен жалған шығарма еді, советшіл бас кейіпкер, қазақ даласындағы қайнаған тап күресі ғана емес, шебер, кәнігі қаламгердің ендігі жазу мәнері. Әлгі ерекше бейнеге жалғас «Жиырма төрт сағатта» және тағы бірденелер. Түгел жасанды. Хош. Бұл естеліктерде бас жағына бармаймыз дедік, яғни атаулы тұлғалардың шығармашылық дәрежесі, қоғамдық, саяси қызметі турасында. Жаңағы сөзді – Ғабеңнен алыстап кеткен көп себептің бірі ретінде еске алуға тура келді. Әйтпесе, әуелгі жолымды ашқан Ғабит аға бар болмысымен көкірегімде тұнып жатқан. Өкініш пен кейіс аралас. Негізінен Кенесары хан үшін. Ақыры, басқаша кездесудің, жаңа бір қатынастың сәті түсті.

1984 жыл, наурыз-көкек болса керек. Жазушылар одағының баяғыда Әди Шәріпов негіздеп кеткен Шығармашылық үйі – біздің көптеген қаламгердің сүйікті тұрағына айналған. Барады, жатады, жазады, басқа да тіршілігі көп дейді. Мен Переделкиноны да, Көктөбел мен Пицунданы да, тіпті, танымал әнге қосылған Комаровоны да көргем, бала-шағамызбен барып, жекелей де айлап жатып, талай шығармаға дем тапқам. Ал мына өзіміздің ғажайып мекен – біршама бұрын ашылса да бас сұқпаған жерім. Ақыры, дабылдап, соншама мақталып жатқан соң, барып көрмек болдым. Бір аптаға ғана. Жазуға емес, таза ауамен тыныстап, кітап оқып, сейілу үшін. Шынында да, біздің қазақ үшін өзгеше жай екен. Кейбіреулер айтқан ырду-дырду жоқ, бейбастақ қызықтар да байқалмады. Ең бастысы – осында бүгінгі әдебиетіміздің ақсақалы Ғабит Мүсірепов дем алып жатыр екен. Әрине, көрістік, онша жұғыспасақ та сөйлестік, ақыры, екінші, әлде үшінші күні қаладағы үйге арнайы барып, «Аласапыранның» екі кітабы мен «Қияндағы қыстау» атымен шыққан әңгіме, повестер жинағын Ғабені алып келдім. Бұл кезде екінші қайыра басылған «Көк мұнарды» ұсынбадым. Жарыққа жетпей-ақ керіске ұшырағаны, күні бүгінге дейін жаппай жамандалып жатқаны үшін емес, тіпті, Ғабиден Мұстафин айтқан: «мына романымақтың авторын Жазушылар одағынан шығару керек, ал осы шатпақты баспаға өткізген қызметкерлерді жұмыстан қуу керек» деген сөзді әзірше естімегем. Ғабенің танымы бөлек екенін білем, тәрізі, ақсақалдың жүгі ауырлап кетер, осының өзін ақтарыстап көруі неғайбыл деп шамаласам керек. Қате болды. «Көк мұнарды» да алдына тарту керек екен. Ғабит ағам тарихи романның екі кітабын да, құрама жинақты да мұқият оқып шығыпты. Мен мұнысын білмеймін, келер аптада үйге қайтқам. Көп ұзамай-ақ ежелгі досым Сұлтан Оразалиннің: «Ғабені сен туралы жазып жатыр, қолжазбасын өз көзіммен көрдім», – деген сөзіне де оншама назар аудармаған сияқтымын. Арада бір ай өтті ме, өтпеді ме, «Қазақ әдебиеті» газетінде Ғабенің, кейінгі жұртшылыққа жақсы мағлұм, толымды мақаласы жарияланды. Білігі кемел, талғамы биік, сөзге сараң классик қаламгер «Аласапыран» дилогиясын аса жоғары бағалапты. Әсіресе роман тілінің көркемдігі мен байлығын. Оны аз десеңіз, менің жиырма, жиырма бір жасымда жазылған әңгімелерімді көтере мадақтайды, осы бастапқы әңгімелерімен-ақ Мұхтар Мағауин қазақ жазушыларының алдыңғы қатарына шықты, депті. Мен ғұмыр бойы қандай да мақтауға масайып көргем жоқ, бәрі де заңды сыбаға сияқты, тіпті, жетіспей жатқандай қабылдар едім. Соған керісінше, қандай да мінеу мен сынауды мойындаған емеспін. Көлденең жұртқа тосын, тіпті, сөлекет көрінгенімен, анығы осы – өзіме деген берік сенім нәтижесі. (Сол кездің өзінде «Толстой мен Достоевский кімнің ақыл-кеңесімен жазыпты», – деуші едім.) Алайда, Ғабенің бағасы – ерекше еді. Оның үстіне «Аласапыран» Абай атындағы Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып жатқан... Ақыры бәрі де орнына келді.

Алғысым зор еді. Әйткенмен, Ғабені – тәкаппар, кірпияз кісі, мен, басқасының үстіне саяқ жүретін әдетім бар және ешқашан да «Төреге ерген ер арқалайды» дейтін мәтелді естен шығармағам. Тығыз аралас,

күнделікті, табиғи қатынас орнамады. Үй-іші, отбасындық тұрғыда айтып отырмын. Осы қаншама жылда Ғабит ағамен бір-ақ рет дастарқандас болыппын. Сол 1984 жылы, желтоқсан, соғым басында. Жамбыл көшесіндегі Жазушылар ауылы, бізбен көрші Жайсаңбек Молдағалиевтің үйінде. Кейінгі бәйбішесімен келген. Және Ғафу Қайырбеков бар, әйелімен. Ғабен, әрине, төрдің төбесінде. Ғафекең мен біз бір саты төмен. Соғым Торғайдан жеткен екен. Арқаның сары ала қазысы. Қарта, жал-жая. Ғабен кеудесі көтеріңкі, жарқын отырды. Менің қарсымдағы Ғафекең, әлде тымау, әлде мұрны жыбырлады ма, дастарқан үстінде қайта-қайта қатты түшкіре берді, ортамызда толымды, үлкен табақ – мен жарытып ет жей алмадым, басқасының бәрі тамаша. Мамыражай, байсал қонақасы болды. Айрықша мәнді әңгіме туындамаған сияқты, ерекше есімде жоқ.

Осы 84-жылдың 1 қараша күні мен «Жазушы» баспасына қайтып оралғам. Енді Ғабит ағаның ең негізгі шығармасы «Оянған өлкенің» көптен күтілген екінші кітабын қолымнан өткеруге тура келді. Менен бұрын жоспарға енген, дайындалған, өндіріске тапсырылған екен. Баспаханада жатқанын білісімен, тиесілі қағаздарын алып таныстым. Сыртқы рецензияларын Манап Қозыбаев пен Мүсілім Базарбаев жазыпты. Тарихшы – романның әлеуметтік, деректік негіздері туралы, әдебиетші – көркемдеу жүйесі төңірегінде. Әрине, екеуі де мақұл, жай ғана қостау емес, аса жоғары баға. Редакциялық кеңес апрель айында өтіпті. Әлбетте, ешқандай бөгесін жоқ. Жаппай қошамет. Тек бас редактор Есет Әукебаев қана өзінің ерекше жағдайын айқындаған екен. Мына «Жат қолында» деген атау – екіұшты пікір туғызды, тіпті, саяси қате дер едім, біздің өлкеміз ешқашан жау қолына түскен жоқ, сондықтан әркім қиғаш ойларға жетелеуі мүмкін, романның атын өзгерту керек, дейді. Бұған Ғабеннен бұрын қалған жұрт жаппай қарсылық айтады, Қарағанды кеніші азғана уақытқа болса да, жат жұрт алпауыттарының иелігінде болды ғой, және бұл – совет өкіметінен бұрын, қайта осындай атау – оянған өлкеміздің кейінгі бақытты тағдырын айқындай түспей ме, деседі. Ғабен бір-ақ ауыз сөз айтыпты: «Ештеңесін өзгертпеймін!» – депті. Бәрі оң, бәрі жөн. Біз дайын асқа ие бола кеттік. Роман қарашаның соңында жарыққа жеткен еді, нақты күні есімде жоқ, шүйінші данасы таңертеңгі тоғызда келді. Қолма-қол Ғабенге телефон соқтым да, машинамен тезінен шықтым. Төлебаев–Виноградов, қазірде музей болып тұрған үй, шеткі даланың екінші қабаты. Есікті Ғазиза жеңгей ашты. Ғабен кухняда отыр екен. Таңертеңгі шай үстінде. Мен босағадан озып, мүбәрак сияпатты портфелімнен алып, қолына ұстаттым. Ғабен ыңырана қозғалып, қалың, ақсұр мұқабалы романды салмақтап көргендей, көтеріле бере қайта отырды. Жеңгей дастарқанға шақырған. Ғабен кітапты кеудесіне басқан күйі бір сәт үнсіз қалып еді. Ақыры: «Мінеки, отыз жылдық жұмыс межесіне жетті...» деген, бейтарап калыпта. Жеңеміз әкелші, көрейін деп айтпады. Маған сұйқылтамдау, бір шыны шай құйылды. Ортадағы жайпақ дәлеңкені алдыма қарай жылжытқан. Ішінде үш-төрт жапырақ сұр қазы жатыр екен. Бір шетінде жарты сүйемдей,

тырысқан түбіршегі тұр. Жеңгей орнынан тұрып, жанадан шай демдегендей болды. Содан соң бір мезет әлдеқайда шығып келді. Маған енді осы дастарқан үстіндегі қатқан қазының өзінің адалдығы күмән көрінген. Нан ауыз тиіп, кесе түбіндегі жылтым шайды екі-ақ ұрттап: «Қайырлы, құтты болсын, жаза беріңіз!..» – деп, орнымнан көтерілдім. Сыртқа шыққанда көңілім ортайып, бір түрлі қоңылтақсып тұр едім. Адасып, ай далада амалсыз кездескен екі кісіні көрдім. Мүлде қабыспас еді. Отбасындық ешқандай жылу жоқ. Түсініс те жоқ сияқты. Есіктен кіре бере аңдамаппын, арлы-берлі қойқандап жүргенде амалсыз көзге түсті: жеңгеміз кеудесіне алабажақ кофта, бұтына көкшіл, тар трико киген екен. Шығыңқы, болбыр қарыннан соң, етімен ет болып, жабыса айқындалып тұр. Соншама ұнамсыз. Шай үстіндегі қимыл, қозғалысында, сөйлеген сөзінде үлкен кісіге тән ешқандай ізгілік жоқ. Кекірейген астамшылық қана танылады. Бұл кісіні бұрнадан білетін едім. 1962 жылы, университет бітірерде менің дипломдық жұмысымды басып берген. Жақсы машинистка іздегенде кім айтқаны есімде жоқ, «Үгітші блокноты» аталатын бір жапырақ саяси журналшада істейді екен. Жұмыс соңында, үш күн отырып тәмам қылдық. Мен қолжазбамды дауыстап оқимын, апай, кеудесі шалқақ, беліне қалың түбіт шәлі ораған, міз бақпаған тіп-тік қалпында сатырлатып басады, қаріп тетіктеріне мүлде көз салмайды және екі қол, он саусағы бірдей қимылдайды екен. Өз ісінің үздік шебері. Мен компьютерсіз бұрнағы заман, қырық жыл ішінде мұндай жедел, әрі қапысыз машинистка көрмедім. Дипломдық жұмысым, тіркемесімен қоса, жетпіс беттей болатын, соңынан тексеріп карағанда, небәрі екі-үш-ақ қате шығып еді. Бұдан соңғы заманда, күні бүгінге дейін өзіміз де мәшінке басып келеміз, кез келген бетте бірер, тіпті, екі-үш жаңылыс қаріп түспей тұрмайды. Кезінде осы Ғазиза Бейсеноваға (жаңылмасам, сойы осылай) біраз қаламгер, оның ішінде Ғабенің өзі де жазғандарын жиі бастырады екен. Әлдебір дүниесінен соңғы ризашылық хаты да кейінгі музейде сақталған. Қатесіз, тыңғылықты еңбегі ғана емес, ерекше бір қажеті – бұл кісі арабша жақсы таныған. Ал Ғабенің өмір бойы бар жазуын жасынан үйреншікті араб-төте жазуымен таңбалаған ғой.

Жалпы, әйел мәселесінде еркін болған Ғабенің тұғырдан таймаса да, егде тартқан алпыстан соң құмарта ғашық болып қосылған жас жеңгемізден кейін, енді қартайған шағында жайлы қосақ іздейді. Таңдау осы, бұрнадан таныс, біліс Ғазиза Бейсеноваға түскен. Салмақты, байыпты, әрі өмірдің қиындықтарын да көрген, бірақ қашанда кісілігін сақтаған, жаман аты шықпаған, енді жасы да тоқталған салиқалы әйел. Бұған қоса, араб жазуына жетік, латынды жақсы білетін шебер мәшінкеші. Әрине, Ғабенің сияқты атақты адам, тақау төңірегімен ақылдаса отырып іздестірсе, тәрбиелі, байсал, ең бастысы – өзіне жете-қабыл мұншама қартаң емес, аузы күйген үрлеп ішеді дегендей, тым жас та емес, елудің ар жақ, бер жағындағы жасамалы әйел де табылар еді. Алайда, Ғазизаның жаңағыдай артықшылығы бар. Ғабенің ендігі бейбіт, тыныш өмірде осы әйелге бүкіл архивін көшіртіп, бұрынғы-соңғы бар жазуын ретке келтірмек екен. Өзімнің көрген, білгенім емес,

тұастарының, оның ішінде мен ашық әрі көп сөйлескен Әлжекең – Ғабеннің екінші Ғабеке – Ғабиден Мұстафиннен соңғы ең жақын, сырлас досы Әлжаппар Әбішевтің айтуы бойынша. Бұдан соңғы бір ұзынкұлақ – Ғазиза жеңгеміз заңды некеге тұрып алғаннан соң Ғабене: «Мен сенің секретарь манинисткаң емес, құдай қосқан қатыныңмын!» – деп, қандай да жұмыстан бас тартыпты. Осы ғана емес. Нақты куәлар, кейінгі естеліктерге қарағанда, бұл – кірпияз, адал да ақкөңіл, күйеуін алақанға салып ұстаған Хұснидан соңғы екінші әйел, Ғабенді ерім деп те, әйгілі жазушы деп те тым қатты сыйламаған сияқты. Ара-тұра: көр-жер, анамынадан ұрыс-жанжал да шығарып тұрған. Осындай бір жолы Ғабеннің күнделікті календарь бетіне жазған, қан қысымы көтеріліп, үсті-үстіне дәрі ішіп, берекем кетіп отыр деп, өзіне өзі шағынған сөздері де сақталған. Ең кереметі – жасы Ғабеннің өзіне тетелес кәрі кемпір екі күннің бірінде ауырады. Шын сырқат, немесе Министрлер Советінің күйлі, жайлы, оңаша емханасындағы рақат демалыс. Ғабен үйде күтімсіз, жалғыз қала береді. Панасыз жетім шал есепті. Бұл кезде кесірлі кемпір әуелде осы үйде тұрып, атасын ғана емес, әже орнындағы өзін де бағып-күтіп жүрген, ініден туған, етжақын қыз баланы, ауылға барып қайтқан бір жолы босағадан аттатпай қойыпты. Сондай-ақ, Рая жеңгемізден туған кейінгі балаларын да үлкен шаңырақтан біржола аластаған. Оспадар мінезін байқаған басқа туыстар да түгел сырғақ тартады. Бұл тарапта нақты, көзкөрген деректер жетерлік. Жалпы, мемуар атаулы – қалам иесінің өзі көріп, тікелей куә болған жағдаяттар төңірегінде құрылуға тиіс. Біз Ғабен өмірінің соңғы кезеңі туралы баянымыз толық болуы үшін, көпшілікке белгілі, бір емес, әлденеше қайталанған, оның ішінде Ғабен туралы естеліктердің Сұлтан Оразалин құрастырған екінші басылымында таңбаға түскен нақты деректерді куәлікке тартып отырмыз. Осының бәрі – қаншама қолайсыз, зілді биқат болса да, Ғабеннің өзімен бірге кететін, кісәпір қиянат еді. Ең сұмдығы – Ғабеннің ақ-адал өлімінен кейінгісі. Балаларына бұйырмаған мол қаражаты, басқа да, әуелгі әйелден қалған (жас жеңгеміз қызықпаған) қымбат казына туралы айтпай-ақ қоялық, әңгіме – соңғы топырақ жөнінде. Алматыдағы Кеңсай зиратында елдің игі-жақсылары жерленген өзгеше шаршы бар. Оның ішінде Әлкей Марғұлан мен Ілияс Есенберлин, Бауыржан Момышұлы мен Ғабиден Мұстафин. Осы Ғабекеңнің қатарында қолайлы орын болыпты. Алайда, Ғабеннің бұл кездегі заңды, бірден-бір қосағы Ғазиза Мүсірепова: «Мұндай алыс жер, тау басына дейін жүруге менің жағдайым жоқ», – деп, үзілді-кесілді бас тартады. Енді Жазушылар одағының қарт қаламгер Әлжаппар Әбішев бастап, ұйымның төрағасы Олжас Сүлейменов қостаған беделді тобы төменнен, әзірге тірі, кейінде қайда қалары белгісіз партия қайраткерлері мен солардың отбасына арналған өзгеше аумақтан дәметеді. Алайда, жоғарыдан рұқсат болмаған. Заңды жесір бұдан соң да ешқандай үгітке көнбеген тәрізді. Жүз емес, екі жүз, үш жүз жыл жасайтындай, «Мен Ғабиттің басына барарда тауға шығып жүре алмаймын!..» – десе керек. Тау дейтін тау да жоқ, асса жүз елу, екі жүз метрлік өрең ғой. Болмайды, илікпейді. Ақыры, қазақтың атақты

қаламгері, екі мәрте, әлденеше жыл бойы Жазушылар одағын басқарған, советтік идеология тұрғысынан қарасақ, ССРО Жоғарғы Советінің депутаты болған, Қазақстан Жоғарғы Советіне алты мәрте сайланған, қаншама орден, Алтын жұлдызды Социалистік Еңбек Ері Ғабит Махмұтұлы Мүсірепов төменнің төмені – ат шаптырым аймақты алып жатқан байтақ зираттың кіре беріс етегі, жол үстінен тыным тауыпты. Басына дарынды скульптор Төлеген Досмағамбетов кейіптеген үлкен мүсін орнатылған. Құрмет емес, мазақ сияқты. Өйткені, күндіз-түні зират төріне өтіп жатқан, жүз сан адам сыртқы қақпадан кіре бере, бірден назар аударады: «Мынау кім?» – «Ғабит Мүсірепов дейтін жазушы...» – «Е-е, жазушы Мүсірепов болса, босағада жатқаны қалай?» Бұдан өткен кемшілік бола ма. Ғабенің соңында қалған ең жақын досы Әлжаппар Әбішевтің қан жылап отырып жазғаны бар. Мен ойлаймын: қазақ сөз өнерінің дамуында, қазақ прозасының қалыптасуында айрықша қызмет атқарған, сонау 1932 жылғы қырғын кезінде басын қатерге байлап дауыс көтерген, Мұхтар Әуезовтен Мұхтар Мағауинге дейінгі аралықтағы кезеңдік қаншама шығарманың бағасын қапысыз таныған, түптеп келгенде, XX ғасырдағы классикалық әдебиетімізбен бірге жасайтын, ардақты Ғабит Мүсірепов осы Кеңсай зиратының етегінде, топырлы аяқ астында мәңгілік жата беруге тиіс емес. Ерте ме, кеш пе, мәселесі қайта көтерілуі шарт. Барлық жұртта сүйекті қайыра жерлеу рәсімі бар. Егер 125 жылдығына шамамыз келмесе, бізден кейінгі, қазіргі өкіметтен кейінгі қазақ жұрты 150 жылдыққа жеткізбей, кез келген сәтті ай мен күнде текті туған Ғабит Мүсіреповтің асыл сүйегін өзіне лайықты, басқа бір шаршыға көшіруі қажет. Бұлай жасау – елдігіміздің, өткендегі алаш қайраткерлеріне деген құрметтің, келешек еңселі күндеріміздің жоралғысы болмақ.

Хош. Ғабенің «Жат қолында» жарыққа шыққаннан соң небәрі он үш ай өмір сүрді. Жиыны – сексен бір күні кем сексен төрт жыл. Аз ғұмыр емес. Әйткенмен, ықтимал, мүмкін жағдай: Әлжекең, Дықан, Ғалекең – өзімен қатар жасасқан Әбішев, Әбілев, Ахметовтер сияқты тоқсанды орталаса несі бар. Жазмыш қана емес, ғұмырының соңғы кезеңіндегі ғапыл таңдауының зардабы сияқты көрінеді маған. Қайткенде, Ғабенің армансыз деп айтуға да болар. Баяғы топалаң, қызыл террордан аман өтті. Негізгі бір шығармаларын жазып, жариялап үлгерді. Бәрі бірдей жаңа ғасырмен қоса жасамас. Алайда, Қазақ елі орнында, қазақ тілі қалыбында тұрған қаншама заман бойы ескірмейтін еңбектері де баршылық.

Біз осы естеліктердің басында бұдан жиырма жылдан астам бұрын жарияға шыққан мемуарлық «Мен» дилогиясын алға тартқан едік. Айналып өту, басқаша қалыптау мүмкін болмағандықтан. Енді сөз соңында, 2004 жылы жазылып, жарыққа жеткен «Ақыр-дүние» атты триптихтің «Ғабит Мүсіреповтың соңғы күні» деген алғашқы тарамын тұтасымен береміз. Нақпа-нақ, сол қалпында таңбаға түскен, деректі, мұңды толғам.

1985, желтоқсанның аяғы. Ғабит аға – жаңа бастаған кезімде жолымды ашқан, арада жиырма жылға тарта уақыт өтіп, жазуымыз өзгеше өріс

тапқан шақта қайыра бата беріп, абырой, атаққа демесін жасаған әйгілі қаламгер, қазақ әдебиетінің көзі тірі классигі Ғабит Мүсірепов сырқаттанып, Министрлер кеңесінің мәртебелі емханасында жатқанын естігем. Мұнда қолы жеткен жұрт ауырып қана бармайды. Кейде кәдімгі демалыс үшін, көбіне денсаулық жөнін тексертіп, тыңайып, көтерілу үшін. Ал Ғабеннің жағдайы басқашарақ сияқты. Жақын-жұрағат, қошаметші, қолбала жазармандар түгел кіріп шығыпты. Ол заманда емханада немесе тақау маңдағы демалыс үйінде жатқан үлкенге сәлем беру, көңілін аулау – өзінше бір рәсім. Бірақ қандай жағдайда да андамұнда бару менің әдетімде жоқ-ты. Әйткенмен, мынау – ерекше жайыт. Әрі “Жазушы” баспасындағы машақат жұмыстан азғана тыным табу үшін, оның үстіне, көкейде жүрген, жартылай тарихи, жартылай замани, құрылымы күрделі жаңа романға тікелей қатысты, өзгеше өлке – Маңғыстауға жол тартпақпын. Қайтып оралғанша қандай ахуал, Ғабеннің жүзін көріп, алдынан өтуге тиіс едім. Сұрастырсам, үйге шығыпты. Яғни, сырқаты ауыр, беті әрі қарады деген сөз. Енді бармай болмады.

Есікті Нәйла деген немересі ашты. Марқұм Сәбит Мұқанов ақсақал екеуіне ортақ, бой жетіп отырған, ақылды, инабатты, әдемі бала. Жүзі кірбең. Төрге, жатын бөлмеге нұсқады. Демімді еріксіз іркіп, баяу басып, жартылай ашық тұрған есіктен әрең аттап, ішке кірдім. Жоғары қарата, көлденең орнаған, басы биік, жалпақ төсек. Ғабен бергі, сол жақ шетінде, бір беті жастыққа көміле, етпеттей жатыр екен, оң қолы жерге салбырай түскен. Арғы жағында – арқасын төсек бастауына тірей, үстінде мақпал халат, беліне қоңыр түбіт шәлі байлаған, аяғы көрпе астында, Ғазиза жеңгей – Ғабеннің кейінгі, ресми тұрғыдан санағанда үшінші әйелі отыр. Мен табалдырықтан озып, кәрі жеңгемізге жеңіл ғана бас изеп, Ғабен көзім түсер-түспестен-ақ, оң қолының сұқ саусағын ерніне апарып, сәлемдесуге де, сөйлесуге де болмайды деген ишара жасады. Енді үнсіз, дымсыз қалпымда Ғабен бажайлай қарадым. Өңі сарғая кеберсіп кеткен екен. Кеудесінде көкшіл, бомази іш жейде, көрпе белінен төмен ғана, жартылай ашық денесі – сұлық, әрі болбыр, ішінде ет пен сүйек, жан да, жарық та жоқ, – өлі қапшық сияқты. Оқтын-оқтын болмашы ғана ыңырсыды – басқадай тіршілік белгісі андалмады.

Мен жүйкем босаңсып, дәл осы қалыпта шығып кету жөнсіз, азғана бөгелдім. Ауа қойылып, еңсем басылып, еркін дем ала алмай, қыстығып тұрмын. Тоң-торыс, меңіреу тыныштық. Кенет... Ғабеннің соза тартқан, тұншығыңқы үні шықты.

– Кім? – Бетін бері бұрды, бірақ көзі жұмулы қалпы. – Кім келді?

– Ешкім... ешкім келген жоқ, – деді жеңгеміз.

– Келді... – деді Ғабен ыңырсыған қалпы, көзін ашпай.

– Ешкім де жоқ, – деді жеңгеміз әуелгі сөзін қайталап.

– Өтірік айтасың... – деді Ғабен назалы, ауыр әуезбен. – Кім?..

Бұдан әрі жасырынып тұру – обал еді.

– Мен, Ғабен... – дедім. – Мен – Мұхтар Мағауин...

Ғабен бір сәт үнсіз, сұлық қалды. Содан соң... кеудесін кере, суыра дем тартты да, еңіреп қоя берді. Ішін буып, өксіп-өксіп, өкіре жылады. Көзінің

жасы көл болды ма, әлде қатып қалған көкіректен жалғыз тамшы жас шықпай, тек ет-жүрегімен ғана езілді ме – білмеймін. Әйтеуір тоқтаусыз, аузын аша, демін суыра тартып, өкіре жылағаны ғана есімде.

– Ғабе... Ғабе... – дедім өзімнің де көңілім бұзылып. – Қойыңыз, шаршап қаласыз... Ғабе...

Ғабит аға шынында да әлі құрып, солықтап барып басылуға айналды.

– Ғаби-и-т... – деген, сыздаған, салқын дауыс жетті құлағыма. – Саған не болған! Қазір скорый келеді!.. Киіну керек, дайындалу керек...

Ғабең мүлде дерлік тыншыды. Тек қушиған жауырыны ғана дір-дір етеді. Сәлден соң етпеттеген, сұлық қалпына түсті. Сол жақ беті жастықта. Оң жақ қолы төсектен салбыраған күйі.

– Мен де ауырып қалдым, – деді жеңгеміз енді маған қарата. – Күтуге шамам келетін емес. Өзі де әлсіреп кетті. Емханаға жатқызуға скорый шақырып қойып едім... Жақсылап қарайды ғой, уколын салып. Бәрі қасында...

Ақталғаны ма, шыны ма. Мен көріп тұрмын. Ағамыздың жағдайы мынау. Апарса – тек құтылу үшін ғана. Соңғы сәтінде маңынан аулақ болу үшін...

Бөлмеден шықтым. Сыртқы есік ашық екен, босағада, бөркі мыжырайған, пальтосы шұбатылған, жүзі жабырқау, есіктен аттай бере бөгелген қалпы тәрізді, Ғазиз Оспанов ақсақал тұр. Заманында белгілі аудармашы. Ғабеңнің қырық жылғы қарта досы. Ізінше тағы бір кісі көрінді. Киімі жеңіл. Сірә, жаңа ғана осы үйден шыққан, немесе сырттағы машинадан асығыс түскен. Кейін білдім, Ғабеңнің туған ауылдан жеткен немере інісі екен. Осы тақауда ғана, жазушы туралы естелік кітабын құрастырып жатырмын деп, мені арнайы іздеп келгенде таныстым. Ол сәтте жөн сұрасар мұрсат жоқ, бәріміз де аса бір жайсыз жағдайда тұрмыз. Көңілдегі дық – Ғабеңнің ауыр сырқаты ғана емес, мына, соңғы сәтінде өз үйінен айдап шығарылған өзгеше ахуалы. Келер мезетте “Жедел жәрдем” де жетті. Зембіл көтерген бір әйел, бір еркек кірді дәлізге. Азғана бөгелістен соң, зембілдерін саумалап, жатын бөлмеге өтті.

Шамалы ғана күттік қой деймін. Үстіне әлденендей бір сұрғылт жамылғы қымтай жабылған Ғабеңді, басын ілгері қарата зембілге салып, шығарып келеді. Алда – жаңағы, ақ халатты дәрігер, артта – манағы жасаңдау жігіт – мен кейін таныған інісі. Киініп тұрғам, зембілдің алдыңғы, сол жақ тұтқасынан ұстадым. Кабинет тұсынан озып, үйдің сыртқы есігіне тақадық. Екі кісі қатарынан сыймайды. Біреуіміз алға өтуіміз керек еді, менімен қосарлас жегілген дәрігеріміз шегіншектей берді. Зембілдің екі тұтқасы да менде қалды. Есіктен шықтық. Солға бұрылды. Енді жаңағы серігім сыналай өтіп, зембілдің бір жағын ұстаса керек қой, көзімнің қырымен көрдім, ұстады, бірақ алғы емес, артқы жақтан. Сөйтіп, алда жалғыз өзім қалдым. Мұндай кіді мезетте бөгеліп тұрар жөн жоқ, және қырықтың бел ортасындағы қарулы кезім, артын ойламаппын. Әнтек жағдайды келер сәтте ғана аңдадым. Баспалдақпен төмен түсе бергенде. Зембіл еңкейіп, бар салмақ маған ауған. Енді әрбір қадам зіл батпанға айналды. “Жоғары, жоғары...” – дейді арттағылар.

Яғни, құлама баспалдақ жөнімен, Ғабеннің аяғы көтеріліп, басы тым төмендеп кеткен. Кейінгілер иілді, иілмеді – мен биіктеуім керек. “Жоғары, жоғары!.. – деседі ышқынып. Қайдағы жоғары. Осы қалпында әрең ұстап келем. Жіліншігім майысып, омыртқам үзіліп барады. Әйтеуір қолым нық сияқты. Тағы екі-үш тепкішек төмен түстім. Жағдайым тіпті ауырлап кетті. Таза маскара болды. Енді, келер мезетте аяғым бүгіліп, қабырғам қаусап, опырыла жығылам. Қос тізе, жиырма төрт қабырға ғана емес, екі қолымнан да дәрмен кетіп барады. Білмеймін, сол сәтте дыбысым шықты ма, шықпады ма. Аруағымды шақырдым ба, жоқ па. Әйтеуір “Әуп!..” деп, баяғыда, университетте, дене тәрбиесі сабағынан сынақ өткізу үшін азғана уақыт штангаға барған едім, сірә, өткенде үйренген тәсілмен, бүгіле серпіліп, жұлка көтеріп, зембілдің екі тұтқасын екі иығыма қондырдым-ау!.. Әлдене дыр ете түскендей еді. Үстімде алыс Ленинградта комиссия дүкенінен әлдеқалай ұшыратып, тым қымбатқа сатып алған нерпа жарғағым бар еді, сәнге киіп жүрген, қоңыр теңбіл, сары жағал, шолақ тон, қос қолтығы бірдей айрыла сөгіліпті. Барсын. Қолым да, бойым да бірден жеңілейді. Бірер баспалдақтан соң даланның тегіс шаршысына жеттік. “Төмен, төмен...” – дейді кейінгілер. “Өздерің жоғары көтеріңдер” – дедім алқына ысылдап. Сәлден соң тағы да баспалдақ, Ғабеннің басы мен аяғы қайтадан теңесті. Сыртқы қақпадан өтіп барамыз. Бізді көріп, дәл есік алдында бір кісі бөгеліп қалды. Әдебиетші Жұмағали Исмағұлов, Ғабен туралы сауатты мақала жазған, ҚазТАГ-тың директоры, ол да көңіл сұрауға... жоқ, бұрын бір көргем, осы үйде тұрады, түскі демалыс сағатында өз пәтеріне, шайға келген сияқты, қабағы салбырап, ысырыла оқшырайып жол берді. Аман-есен сыртқа шықтық. Әлгі, зембіл салатын сүйретпесі дайын тұр екен, сәл шеткеріде “Жедел жәрдем” машинасы. Зембілді жайлап, сүйретпеге салдық.

Манадан бері Ғабен қыңқ етіп дыбыс шығармаған. Енді үңіле қарасам, мүлде үнсіз, көгере сұрланып кеткен, тіпті, дем алысы да тоқтап қалған сияқты...

– Ғабен... Ғабен... – дедім бетіне төніп. – Ғабен!..

Ғабен болмашы ыңырсыды. Ерні саңылаулана ашылып, езуіндегі алтын тісі көрінді. Тірі! Әзірше... Дәрігерлер сүйретпеге жармасып, машинаға қарай жылжыта бастады.

– Ғабен! – дедім қатарласа жүріп, ағамның әдепкі тәкаппар кейпін тапқан, салқын, мәрмәр жүзіне еңкейе елбіреп. – Ғабен... Бақұл болыңыз! Алла тағаланың кеңшілігі мол! Бақұл болыңыз!..

Ғабен тағы да әлсіз ыңырсығандай еді.

Сүйретпе “Жедел жәрдемнің” ішіне енді. Барлық есік жабылды. Ғабен бақиға қарай, баяу жылжып жүре берді. Келер сәтте ажал арбасы жүрісін жеделдете, қиғаш тартып, көзден ғайып болды. Хош, қайран Аға... Алдың жарық болсын!..

... Бірақ арада тағы да, ес пен түстің шегінде, азапты, ұзақ, алты-жеті сағат өтіпті. Ғабен тек кешке қарай ғана жан тәсілім етіпті деп естідім. Суық сұр үйде. Жалғыз өзі. Жат қолында.

Ғабит ағаның жерлеуіне қатыса алмадым. Бұл кезде мен қазақ жұртының қиыр шеті Маңғыстауда жүр едім.

Қазір ойлаймын. Ғабең неге соншама тарығып жылады екен. Батасын беріп алқаған інісі келгенде көңілі босады ма. Әлде жалғанның жарығын қимады ма. Анасы да, мынасы да ықтимал, екеуі де бар. Азғана мөлшерде ғана. Ең негізгісі...

Ғабең ұзақ ғұмырының ақырғы мезетінде осы, уайым, қайғы тұмшалаған қат-қабат заман шырмауында, көңіл делбер оңғақ қызық, опасыз мансап соңында жүріп, андаусыз өткеріп алған, енді қайта оралмас ғайып, зая күндерін еске алып, жазылмай қалған ұлы шығармаларын жоқтады. Иә. Жазылмаған, жаза алмаған ұлы шығармаларды. Өзімен бірге сағымға батып барады екен!.. Көз алдында тұрса да, қолға түспеген. Енді міне...

“Өтірік айтасың!..” Өтірік айтқан – алас-қапаста тағдыр мазағы теліген кездейсоқ кемпір ғана емес. Төңірегі түгел. Заманы, дәуірі. Сондай зұлмат дүниеде ғұмыр кешті. Бәрі бекер, бәрі пәс екенін біліп, танып өтті. Мүмкін, өзінің ең соңғы күні.

“Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір тәңірім, кеңшілік қыл!”

Бар зәбір басына түссе де, былғанбай, таза кеткен әулие – аруақты Абай атам айтыпты. Санасы бар пенде атаулыға ортақ лепес. Ғабит ағам да Тәңірі тағаладан кеңшілік алады ғой деп ойлаймын. Өткендегі қаншама игі ісін айтпағанда, ең соңғы сәттегі жан азабы, көкіректе тұнған мүнәжаты – саулап, еріксіз құйылған көз жасы үшін...

(1996, Прага; 2004, Алматы);
17–18.XII.2017,
Роквилл, Мэриленд, АҚШ.